

#15-16

(1029-1030)

9 мамыр

2025 ЖЫЛ

ГАЗЕТ 2005 ЖЫЛДЫҢ 7 ҚАҢТАРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

# JAS QAZAQ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ГАЗЕТИ



ISSN 2074-899X



9 772074 899002

@jasqazaqnews

vk.com.jasqazaq

Jasqazaq

Жас қазақ

jasqazaq.kz

jasqazaqkz

# ЕЛ ҚОРҒАНЫ – ЕР САРБАЗ



Фото: ken-zhyloi.kz

▼ BRENT \$62,78

▼ USD 519 T

▼ EUR 587 T

▼ RUB 6.5 T

**«ЕЛ ҚАУІПСІЗДІГІ  
МЕН ШЕКАРАСЫН  
ҚАС ҚАҚПАЙ  
КҮЗЕТУ, ЗАҢ МЕН  
ТӘРТІП ҮСТЕМДІГІН  
ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ –  
ЖАУАПТЫ ӘРІ  
ҚАСТЕРЛІ МІНДЕТ.  
МҰНЫ ТЕК КӘСІБИ  
ДЕҢГЕЙІ ЖОҒАРЫ,  
АНТ ПЕН БОРЫШҚА  
АДАЛ, ЕЛ ҮШІН АЯНЫП  
ҚАЛМАЙТЫН БАТЫЛ  
ЖАНДАР ҒАНА АТҚАРА  
АЛАДЫ».**



# АРМИЯ КЕЗ КЕЛГЕН СӘТТЕ ӨЗ МІНДЕТІН ОРЫНДАУҒА САҚАДАЙ-САЙ ТҰРУЫ ТИІС



**7** мамыр – Отан қорғаушылар күні қарсаңында өткен жиында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев осылай деді.

Мемлекет басшысы Қазақстанның күштік құрылымдарын баһадүр бабалардың лайықты ізбасары деп атады: «Қарулы Күштер еліміздің тәуелсіздігін, тыныштығы мен тұтастығын қас қақпай күзетіп тұр. Құқық қорғау органдары заң мен тәртіпті, арнаулы қызметтер ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етіп келеді. Құтқарушылар ел-жұрттың амандығы үшін аянбай еңбек етіп жүр. Былтыр біз Біріккен Ұлттар Ұйымының бітімгерлік миссиясын алғаш рет дербес орындауға кірістік. Бұл қадам халықаралық қауымдастықтың Қазақстан армиясына сенімі жоғары екенін көрсетеді. Біз – бейбіт мемлекетпіз. Барлық елмен достық қатынас орнаттық. Даулы мәселенің бәрін саяси диалог арқылы шешу керек деп

санаймыз. Мен бұл Қазақстанның мызғымас ұстанымы екенін үнемі айтып жүрмін. Дегенмен қамсыз отыруға болмайды. Армиямыз кез келген сәтте өз міндетін орындауға сақадай сай тұруға тиіс».

Мемлекет отандық Қарулы Күштердің әлеуетін нығайтуға айрықша мән беріп отырғанын айтқан Президент: «Әскеріміз ең озық қарумен және техникамен жарақтандырылып жатыр. Қорғаныс өнеркәсібі кешені дамып келеді. Жаңа гарнизондар, әскери қалашықтар мен заставалар салынуда. Сарбаздардың әзірлігі мен жауынгерлік машығы әрдайым шыңдалады. Әскеріміздің арнаулы халықаралық жарыстардан жұлдемен оралуы – олардың дайындығы жоғары екеніне дәлел. Әскерилер, арнаулы және құқық қорғау, азаматтық қорғаныс органдарының қызметкерлері әлеуметтік тұрғыдан жан-жақты

қамтылған. Оларды мемлекет әрқашан қолдайды. Ел қауіпсіздігі мен шекарасын қас қақпай күзету, заң мен тәртіп үстемдігін қамтамасыз ету – жауапты әрі қастерлі міндет. Мұны тек кәсіби деңгейі жоғары, ант пен борышқа адал, ел үшін аянып қалмайтын батыл жандар ғана атқара алады. Сондықтан әскерилер, құтқарушылар мен күштік құрылым қызметкерлері өскелең ұрпақ пен барша халқымыз үшін Отанға адал қызмет етудің үлгісі болуы тиіс», – деді.

Мемлекет басшысы жиын соңында әскери қызметшілерге, құтқарушылар мен күштік құрылым қызметкерлеріне жоғары әскери және арнаулы атақтар, сыныптық шендер, сондай-ақ жоғары мемлекеттік наградалар табыс етті.

*Aqorda.kz материалдары  
негізінде дайындалды*

**МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ  
АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ  
ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНА  
ҚАТЫСҚАН ҚАЗАҚСТАНДЫҚ  
МАЙДАНГЕРЛЕРДІ ЕСКЕ АЛУ  
МАҚСАТЫНДА «БАТЫРЛАРҒА  
ТАҒЗЫМ» (BATYRLARGA-TAGZYM.  
KZ) АТТЫ БІРЕГЕЙ ОНЛАЙН-  
ПОРТАЛЫН ІСКЕ ҚОСТЫ.**

# «БАТЫРЛАРҒА ТАҒЗЫМ»: ҚҰНДЫ ДЕРЕКТЕР ПОРТАЛЫ

**М**әдениет және ақпарат министрлігі баспасөз қызметінің мәліметінше, жобаның мақсаты – Ұлы Жеңіске өлшеусіз үлес қосқан қазақстандықтардың ерлігі мен жанкештілігі туралы болашақ ұрпаққа құнды ақпараттарды жеткізу.

Порталда кең көлемді мәліметтер базасы бар.

Сайтта қазірдің өзінде 677 мыңнан астам соғыс ардагері, оның ішінде 365 Кеңес одағының батыры, 4 екі мәрте Кеңес одағының батыры және 19 «Даңқ» орденінің кавалері туралы ақпарат жинақталған.

Онлайн-порталды пайдаланушылар:

– сайтқа өз туысының тарихын қоса алады: әр адамның соғысқа қатысқан жақындары туралы естеліктерін бөлісуге мүмкіндігі бар.

– фотосуреттерді жүктей алады: әр қолданушы ардагер туысының суреттерін веб-порталға жүктеп, оның жарқын бейнесін мәңгілікке аманат етуге мүмкіндігі бар.

– ардагерлердің жаңа мәліметтерін қоса алады: веб-порталдың дерекқорында жоқ ардагерлердің мәліметтерін оңай енгізуге болады.

– батырлар галереясын көре алады: сайтта қазірдің өзінде көптеген батырлардың өмірбаяндары жазылған галерея бар, кез келген қолданушы бұл бөлімнен олардың өмірі мен жасаған ерліктері туралы көбірек ақпарат алады.

– жаңалықтар үнемі жаңарып отырады: веб-порталда ардагерлерге және жобаға қатысты жаңалықтар мен оқиғалар тұрақты түрде жарияланып тұрады.

Жуырда Ұлттық архивте осы «Батырларға тағзым» порталының таныстырылымы және құжаттық көрме өтті.

Іс-шара аясында «Батырларға тағзым» сайтындағы ардагерлердің, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық архивінің қорынан алынған Ұлы Отан соғысының ардагерлері Кәри Әбитов, Тәңірберген Қалиханов, Хамит Ерғалиев, Мәлік Ғабдуллин, Ермекқали Серікбаевтың жеке құжаттары мен майданнан жазған хаттары, жалпы 150-ге жуық құнды дерек жұртшылық назарына ұсынылды.

Іс-шараға ҰОС ардагерлерінің ұрпақтары, мемлекет және қоғам қайраткерлері, зиялы қауым өкілдері, студенттер мен оқушылар қатысты.



Сурет: мәдениет және ақпарат министрлігінің баспасөз қызметі

**ҚАЗАҚСТАН ҚАРУЛЫ КҮШТЕРІНІҢ АРДАГЕРІ,  
ГЕНЕРАЛ-МАЙОР МАРАТ НАҒҰМАНОВТЫҢ  
ЕСІМІ ЕЛГЕ ЕТЕНЕ ТАНЫС. ОЛ БАР САНАЛЫ  
ҒҰМЫРЫН ОТАН ҚОРҒАУ ІСІНЕ БАҒЫШТАП, ТӨЛ  
ӘСКЕРІМІЗДІ ҚҰРУҒА СҮБЕЛІ ҮЛЕС ҚОСҚАН,  
ҚАЗАҚ ОФИЦЕРЛЕРІНІҢ БІРНЕШЕ БУЫНЫН  
ТӘРБИЕЛЕП ШЫҒАРҒАН АБЗАЛ АЗАМАТ.**

орынбасары, ҚР Қорғаныс министрлігі «Әскери-техникалық мектеп» РМҚК бас директорының орынбасары, «Atamnyn Amanaty» қоғамдық бірлестігінің бақылау кеңесінің мүшесі ретінде елге қызмет етуден, жастарға әскери-патриоттық тәрбие беруден қол үзбей келеді.

Қазір «Белгісіз қазақстандық сарбаз» монументін салу туралы ұсынысты көтеріп жүр. Оның себебін ардагер былайша түсіндіреді: «Екінші дүниежүзілік

# ҒИБРАТТЫ ҒҰМЫРДЫҢ ЖЕТПІС ЖЕТІНШІ КӨКТЕМІ

**Б**іздің кейіпкеріміз қатардағы солдаттан генералға дейінгі қиындығы мол жолды кителіне кір жұқтырмай абыроймен өткен адам. Қарапайым қазақ баласының қатардағы сарбаз кезінде-ақ «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалімен марапатталуы көп нәрседен хабар берсе керек. Ол кейін әскери оқу орнына түсіп, Кеңес Армиясы сапында полковник дәрежесіне дейін көтеріліп, «КСРО Қарулы күштері қатарындағы Отанға қызметі үшін» орденін омырауына тақты. Кейін елге оралып, тұңғыш Қорғаныс министрі, армия генералы, Кеңес Одағының Батыры С.Нұрмағамбетовтің қол астында қазақ әскерін құруға белсене кіріседі.

1992 жылдың 24 ақпанында И.Конев атындағы Алматы жоғары командалық әскери училищесіндегі қызметін бастап кетеді (бұл оқу орны қазір С.Нұрмағамбетов атындағы ҚР ҚК Құрлық әскерлерінің әскери институты).

Кадр тапшылығына қатысты бір ғана мысал. Сол жылы аталған оқу орнын бітірген 200-ден астам лейтенанттың тек 22-сі Қазақстанда қалды, ал соның 12-сі ғана қазақ болатын. Кейін Киев, Харьков, Қазан, Саратов сияқты басқа әскери училищелерден қазақ жігіттері ауысып келе бастады. Бүгінде олардың алды генерал, полковник шенінде әртүрлі жоғары қызметтерде жүр.

Уақыт өте келе полк-дивизия-корпус буынында кадр жетіспеушілігі байқалды. Ірі әскери бөлімдердің командирлерін өзімізде оқытуды қолға алу қажет болды. Сондықтан Марат Сералыұлы Алматы жалпы әскери училищесін ҚР Қарулы күштерінің Әскери академиясы етіп қайта құру қажеттігі туралы құжатты Президенттің атына дайындаумен тікелей айналысты. Қазіргі Ұлттық қорғаныс университетінің іргесі солай қаланған болатын.

Бұдан кейін М.Нағұманов ҚР ҚК Жалпы мақсаттағы әскерлері қолбасшысының орынбасары, Қорғаныс министрлігінің департамент бастығы ретінде тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстарды жолға қойды.

Генерал М.Нағұманов запасқа шыққаннан кейін де «ҚР Қарулы күштері ардагерлері» ұйымы төрағасының



соғысқа аттанған бір жарым миллион қазақстандықтың 630 мыңнан астамы майданда опат болды, 270 мыңнан астамы хабар-ошарсыз кетті. Қаза тапқан жауынгерлердің жерленген жерлері де белгісіз. Олардың аты-жөндерін түгел қалпына келтіру енді мүмкін емес. Осыған байланысты, Ұлы Жеңістің 80 жылдығында «Белгісіз қазақстандық сарбаз» монументін орнатуды ұсынып отырмыз. Осылайша біз бостандық жолында қаза тапқан боздақтардың алдындағы азаматтық парызымызды орындаймыз.



Бұл ескерткіш соғыста хабар-ошарсыз кеткен немесе қайда жерленгені белгісіз барлық қазақстандықтардың рухына тағзым ететін көпшілік орынға айналар еді.

ҚР Қарулы Күштерінің ардагері, генерал-майор Марат Нағұмановтың өзі де майдангердің ұрпағы. Жастармен кездесулерде, патриоттық іс-шараларда атамның майданнан жазған хат еді деп бір-екі шумақ өлең оқып қалатын. Жақында Марат ағамен сөйлескенде сол хаттың толық нұсқасы бар ма деп сұрадым. Құдай оңдағанда бар екен.

**Аттандық ел қорғауға орыс-қазақ,  
Жолында бұл соғыстың көрдік азап.  
Бейнет түбі рахат деген сөз де бар ғой  
Немісті басып алып қылсақ мазақ.**

Бұл – ауыздан-ауызға тарап, ұрпақтан ұрпаққа айтылып бүгінгі күнге жеткен майдангердің жүрекжарды, бәлкім соңғы сөзі. Ол әрине кәсіби әдебиетші немесе ақын-жазушы емес. Ол қазақ даласынан соғысқа аттанған миллионнан астам қарапайым қазақтың бірі болатын. Сондықтан өлеңінің көркемдігі жағына көп көңіл бөлмеген жөн. Ең бастысы ол соғыстағы жалпы хал-ахуал мен көңіл-күйді дәл береді, шынайы шыққан. Ауылдағы туған-туыстары мен бауырларының, достарының аттарын жек-жеке атап, сәлем жолдайды.

Майданнан жазылған хаттың аторы – қатардағы жауынгер Рауель Әжікеев. 1904 жылы Ақмола облысы Молотов ауданы (қазіргі Зеренді) Қостомар ауылында дүниеге келген. Соғысқа дейін ауыл шаруашылығы училищесін бітіріп, туған колхозында әуелі кеңсе хатшысы, сосын сол колхоздың төрағасы болады.

1942 жылы майданға аттанып, 61-ші армияға қарасты Суворов және Кутузов орденді Қызыл Тулы Новоград-Волынь дивизиясының 744-ші полкінің сапында шайқасып, Белев қаласын азат етуге қатысады. Сол шайқаста жарақат алып, далалық госпитальда көз жұмады. Тула облысы Белев қаласындағы бауырластар зиратында жерленген. Шамасы осы хатты сол госпитальда жатқанда жазған болу керек деп топшылаймыз.

«Текіден текті туады, тектінің жолын қуады» дейді қазақ. Отан үшін жан берген қатардағы жауынгер Әжікеев Рауель де, бүкіл саналы ғұмырын Отан қорғау ісіне арнаған генерал-майор Марат Нағұманов

та XVIII ғасырда жоңғар шапқыншылығына қарсы соғыста даңқы шыққан атақты Жайылған батыр Малбақтыұлының ұрпақтары. Енді мына қызықты қараңыз, Рауель Тула түбінде жатыр, ал Жайылған батыр Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауи кесенесіне жерленген. Қазағымның қаны қайда төгіліп, басы қайда қалмаған деген міне, осы.

Елу жылдан астам отасып, әскери қызметтің барлық ыстық-суығын бірге татқан жұбайы Ақжібек жеңгемізге деген ризашылық сезімін Марат аға бірде Ұлыбританияның премьер-министрі У.Черчилльдің сөзімен жеткізді: «Менің өмірімдегі ең үлкен жетістігім әйелімді өзіме тұрмысқа шығуға көндіре алғаным болды». Ал біз кез келген мықты еркектің ту сыртында бір мықты әйел тұрады деген қанатты сөздің өміршеңдігіне тағы да бір рет көз жеткіздік.

Өнегелі өмір, тағылымды тағдыр иесінің төмендігі сөздері ел ертеңін ойлаған әр адамға ой салуға тиіс: «Біз бірнәрсені ұмытпауымыз керек, мың жерден бақайшығына дейін қазіргі заманғы қару-жарақпен, әскери техникамен қамтамасыз етілген мықты армия болса да, бәрібір адам соғысады. Егер сол адамның жүрегі елім деп соқпаса, рухы мықты болмаса, оның жеңіске жетуі екіталай. Ендеше елім деп



елжірейтін ұрпақты тәрбиелеп, өсіру – біздің ортақ парызымыз».

Қазақта Жеті саны қашанда киелі және қасиетті саналған. Біз ежелден Жеті қазынасын көздің қарашығындай сақтап, Жеті атасын жетік білген елміз. Біздің кейіпкеріміздің туған күнінің 7 мамыр – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрылған күнімен тура келуі де тегін емес, бұл терең символдық мәнге ие дүние дер едім. Өйткені Марат Сералыұлы бүкіл саналы өмірін Отан қорғау ісіне арнады, ҚР Қарулы Күштерінің бастауында тұрды және әлі күнге дейін өзін әскери сапта сезінеді. Ғибратты ғұмырдың жетпіс жетінші көктемін құтты болсын!

**Әбубәкір СМАЙЫЛОВ,**  
әскери журналист

**1941 ЖЫЛДЫҢ СОҢЫ МЕН 1942 ЖЫЛДАРДЫҢ БАСЫНДА ӘСКЕРИ ПУБЛИЦИСТ ИЛҢЯ ЭРЕНБУРГ ҚАЗАҚ ЖАУЫНГЕРЛЕРІНІҢ ЕРЛІГІН СУРЕТТЕГЕН ЕКІ ОЧЕРКІН ЖАРИЯЛАДЫ. БІРІ – «ИСТРАДА», ЕКІНШІСІ «ҚАЗАҚТАР» ДЕП АТАЛДЫ. ЕКІНШІ ЖАЗБАСЫНДА ОЛ ТҰТҚЫНҒА ТҮСКЕН НЕМІСТІҢ СӨЗІН КЕЛТІРЕДІ: «БІЗГЕ ҚАРСЫ ЖАУЖҮРЕК СОЛДАТТАР СОҒЫСТЫ. ОЛАРДЫ ЕШҚАНДАЙ ОТ ТОҚТАТА АЛМАЙТЫН. ТУРА БІЗГЕ ҚАРАЙ ҰМТЫЛДЫ. КЕЙІН ОЛАРДЫҢ ҚАЗАҚ ЕКЕНІН БІЛДІМ. БҰҒАН ДЕЙІН ОНДАЙ ХАЛЫҚ БАР ЕКЕНІН БІЛМЕППІН».**

# РЖЕВТЕ СОҒЫСҚАН МАЙДАНГЕР

## «МЕН РЖЕВТІ ҰМЫТПАЙМЫН»

Эренбургтің мақаласындағы сол қайсар қазақтар 1941 жылы Алматы мен Ақтөбеде жасақталған 100-ші және 101-ші жеке атқыштар бригадасының сарбаздары болатын. Олар Ржев шайқасында асқан жанкештілігімен көзге түсті.

Соңғы жылдары бір қауым тарихшы мен журналистердің күш-жігерімен Ржев шайқасы Екінші дүниежүзілік соғыстағы елеулі оқиға ретінде айтыла бастады. «Кеңес дәуірінде онша мән берілмеді, әскери қолбасшылардың қателігінен қаншама адам текке қырылды» деген пікір де жоқ емес.

Шындығында, Ржев түбіндегі шайқас кеңестік тарихи жылнамада бір емес, бір-бірімен байланыспайтын бірнеше операция деп көрсетілді. Ржев қаласына немістер 1941 жылы басып кіргенде,



бұған онша маңыз берілмегені рас. Өйткені бүкіл күш Мәскеуді қорғауға жұмылдырылды.

Сталинград шайқасындағы жеңіс жаудың жігерін құм етіп,

Ұлы Жеңіске жақындатқан қадам болғаны сөзсіз. Бірақ осы бетбұрысқа Ржев түбінде соғысқандардың үлесі зор. Сақадай сайланып келген фашистерді әбден титықтатып, зорықтырып, мықты деген әскерін осы жаққа төгуге мәжбүр етті.

Жазушы И.Эренбург: «Мен Ржевті ешқашан ұмытпаймын. Майырылған бес-алты ағаш, қираған үйдің қабырғасы,

кішкентай төбешік үшін апталап кескілескен ұрыс жүрді» деп жазды.

Шайқасты өз көзімен көрген Александр Твардовский 1946 жылы «Мені Ржев түбінде өлтірді» («Я убит подо Ржевом») деген әйгілі шығармасын жазды. Кейін ол сол майданнан қайтқанда, көпке дейін өзіне-өзі келе алмай, ештеңе жаза алмағанын айтады.

Ржев шайқасына қатысқан қазақтың қайсар жігіттерінен құралған 100-ші және 101 жеке атқыштар бригадасы жау жолына бөгет болғаны да шындық. Ұлы Жеңістің қарсаңында азапты шайқас һәм оның қатысушылары жайлы аз-кем айтуды парыз санадық.

Он бес айға созылған ұрыстың сегіз айы тоқтаусыз неміс әскерлеріне төтеп берумен өтті. Бірінші Ржев-Сычëв операциясының Калинин шебін генерал-полковник И.С.Конев, ал Батыс шебін армия генералы Г.К.Жуков басқарды. Олар генерал-полковник В.Модель басқарған немістің 9-армиясына қарсы соғысты. Сондай-ақ осы кезде генерал-фельдмаршал Г.Фон Клюге басқарған фашистік «Орталық» тобы кеңес сарбаздарына қарсы тоқтаусыз соғысқа көшкен болатын. Алайда кеңес сарбаздары Мәскеу және Туль облыстарын, сондай-ақ Калинин және Смоленск облыстарының біраз ауданын аса қаһармандықпен қорғап қалды. Осы ұрыста 777 мыңға жуық кеңес сарбазы қаза тапты. Ал армия генералы Жуков басқарған Екінші Ржев-Сычëв операциясы



(«Марс» операциясы) үш аптаға созылды. 1943 жылдың қысында Модель армиясы шегінуге мәжбүр болды. Неміс әскерлерін шегіндіру операциясы «Буйвол» атымен тарихта қалды. Кеңес әскерлері жау қолын Мәскеуден 160 шақырымға шегіндірді. Бұл ұрыста 39 мыңға жуық кеңес сарбазы қаза болды. Ржев түбіндегі шайқас Екінші дүниежүзілік соғыс тарихындағы ең қанқұйлы ұрыс ретінде тарихта қалды.

## ШАЙҚАС ЖОЛДАРЫМЕН

Жеңістің 65 жылдығы қарсаңында қаһарман қазақ сарбаздарының құрметіне Ржев қаласында аумағы 1,5 мың шаршы метрді қамтыған Мемориалды кешен ашылған болатын. «Молодой Туд» елді мекенінде 100-ші және 101-ші атқыштар бригадасына арналған мұражай бой көтерді. Кешенді тұрғызу үшін Ақтөбе облысының бюджетінен 100 миллион доллар бөлінді. Сол кезде ескерткіштің ашылу салтанатына «Жеңіс пойызымен» қазақстандық делегация қатысып қайтты. Делегация құрамында Ржев түбіндегі шайқасқа қатысқан соғыс ардагерлері мен олардың ұрпақтары болды.

Ржевке бару құрметі Боранбай ақсақал Смайыловтың ұлы Құралбайға бұйырды. Боранбай ақсақал екі мәрте «Даңқ» ордені мен екі мәрте «Ерлігі үшін» медалінің иегері болған. Әкесінің шайқас жолдарын көріп қайтқан Құралбай Смайылов былай деді: «Шымкенттен шерулетіп бізді пойызға шығарып салды. Жолай Қызылорда, Ақтөбе, Орал қалаларында аялдадық. Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Мәметованың ескерткішіне соқтық. Сосын Сарытау (Саратов) қаласының көрікті жерлерін араладық. Еліміздегі 60 адамның үшеуі біздің облыстан болды. Орыс ағайындар бізді «батыр халықтың ұрпақтары» деп зор ықыласпен қарсы алды. Соғыс кезінде Ржев қаласында 100-ші және 101-ші қазақ бригадасы жанқиярлықпен шайқасқан екен. Онда қандастарымыздың 90

пайызға жуығы қаза болған. Бүгінде шайқас болған жерде ескерткіш орнатылып, 2000 бауырымыздың есімдері алтын әріппен жазылыпты. Арнайы мұражай да ашылған. Салтанатты жиынға сондағы қандастарымыз да келді. Барлығы да қазақтардың қайсарлығы мен темірдей төзімділігін айтып тауысар емес.

Сол күні біздің атымызға қошемет пен мақтаулар жауды. Шейіт болған ағалар орнынан бір аунап түскен болар. Зеленоград қаласындағы Б.Момышұлы атындағы №229 және Мәскеудегі Ә.Молдағұлова атындағы мектептерге бардық. Мектеп алдына қос батырдың мүсіндері орнатылыпты. Мектеп дәулеті мен сәулеті үйлескен, алыстан менмұндалайды. Оқушылар тарапынан өнер көрсетіліп, Әлия мен Бауыржанның батырлығы сөз етілді. Мәскеуліктер осылайша бізді ерекше ілтипатпен шығарып салды. Мен өз арамызда «батырдың баласы» атандым. Өйткені менің әкем ғана жоғары дәрежелі медальмен марапатталған екен».

## БАТЫРДЫҢ ЖАРҚЫН БЕЙНЕСІ

Енді Ржев түбіндегі шайқасқа қатысқан Боранбай Смайылов туралы айта кетейік. Ол кісі 1922 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданы Шарбұлақ елді мекенінде дүниеге келген. Мектепте 6 сынып оқып, соғысқа дейін колхозда түрлі жұмыс атқарды. Екінші дүниежүзілік соғыс басталғанда Алматы қаласындағы атты әскерге қабылданады. 1941 жылдың желтоқсанынан бастап 1942 жылдың қарашасына дейін 100-ші атқыштар бригадасында, кейіннен 26-танк бригадасында, 156-атқыштар полкінде, 1944-1945 жылдары 256-атқыштар полкінде барлаушы, мерген, атқыш болды. 1945 жылдың наурызында жарақат алып, госпитальде емделеді. Жарақатына қарамастан, тағы да жанқиярлықпен майдан даласынан аттанып, 1945-1946 жылдары 156-26 атқыштар полкі құрамында соғысады. 1946 жылы туған жеріне аман-есен оралады. Соғыста



көрсеткен ерлігі үшін 2-ші, 3-ші дәрежелі «Даңқ» ордендерімен, «Ерлігі үшін» медалімен және тағы басқа орден-медальдармен марапатталды.

Елге оралған соң қайтадан колхоз жұмысына белсене араласты. Озық қызметі үшін Мәскеуде өткен ауыл шаруашылық көрмесіне қатысып қайтты. Еңбегі еленіп, 1973 жылы «Еңбек ері» медалімен марапатталды. Жұбайы Орынша екеуі 8 ұл-қыз тәрбиеледі. Боранбай ақсақал 1982 жылы құрметті зейнеткерлікке шықты. 1998 жылы 76 жасында дүние салды.

Бүгінде Шарбұлақ елді мекенінде «Боранбай Смайылов» атындағы көше бар. Сондай-ақ Ржев қаласындағы Мемориалды кешендегі қайсар сарбаздар тізімінде аты-жөні жазылған. «Молодой Туд» елді мекеніндегі мұражайда ақсақал туралы деректер жинақталған.

Жазушы Әнуар Исмайылов генерал Сабыр Рақымов туралы кітабында былай деп жазады: «Қазығұрт тауы маңындағы елді мекендерді аралағанда Боранбай Смайылов ақсақалды есіме аламын. Батыр ағамызбен дәмдес болған күндер мен кездесулерді ұмытпаймын. Ағаның жарқын бейнесі ел-жұртының есінде қалды».

**Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ**

**ӘКЕ ТУРАЛЫ ЖАЗУ ӨТЕ ҚИЫН.**

**МЕН ӘКЕМНІҢ БІР  
ДЕ РЕТ ЖҰМЫССЫЗ  
ОТЫРҒАНЫН КӨРГЕН  
ЕМЕСПІН, КЕЙІН АҚЫРҒЫ  
ЖЫЛДАРЫ БОЛМАСА....  
МАРҚҰМ ӘКЕМІЗ 90  
ЖАСҚА ТОЛЫП, ЖАҢА  
ЖИЫРМАСЫНШЫ  
ҒАСЫРДЫҢ 2000 ЖЫЛЫН  
КӨРІП, ТУРА БІР АЙ ӨМІР  
СҮРІП, 31 ҚАҢТАР КҮНІ  
КЕШКЕ БАЛАЛАРЫНА  
«МЕН САҒАТ КЕШКІ  
ОНДА ДЕМ АЛАМ  
ДЕП»... КЕТЕ БАРДЫ.  
ӨМІР БОЙЫ ТИТЫҚТАП  
ОН БАЛАСЫН ӨСІРУГЕ  
БАРЛЫҚ ӨМІРІН САРП  
ЕТКЕН ЖАН, ӨМІРІНДЕ  
АРҚАСЫН ЖАЗЫП  
БІР ЖЕРГЕ ДЕМАЛУ  
ТҮГІЛІ, БЕЛІН ЖАЙЫП  
ОТЫРМАҒАН АДАМ – ОЛ  
МЕНІҢ ӘКЕМ! ШЕШЕМІЗ  
ЕКЕУІ ТЫРМЫСЫП, СОЛ  
ОН БАЛАҒА ЖОҒАРҒЫ  
БІЛІМ БЕРІП, ӨМІР  
ЖОЛЫНА САЛДЫ, ОЛ  
ҮШІН АТА-АНАМЫЗҒА  
ҚАРЫЗЫМЫЗ  
ҚАЙТАРЫЛМАС.**



## МЕНІҢ ӘКЕМ ЖАҚСЫ АДАМ!

**Қ**азір осы жазбаны жазып отырған кезде, төртеуіміз бұл өмірде жоқ. Біреуі 34 жасында екі қызы мен алыстан әкелген сүйікті жарын артында қалдырып, өте қайғылы жағдайда өмірден озды. Қалған үшеуінің арасына бес ай да болмай бірінің артынан бірі кете барды, жандары жәннатта болғай.

Әкеміз біреудің жалғыз баласы болған екен. Аласарыпан аштық кезінде әке-шешесінен айрылыпты. Соғыстың алдында үйленіп бір ұлды болған екен. Ол біздің ең үлкен ағамыз еді, қазір бұл өмірде жоқ. Сонымен Әкеміз соғыстан кешірек келген екен.

1946 жылдың аяғы, кейін бір себептермен бірінші әйелімен ажырасып, біздің анамызбен отасады. Үлкен ағамыз Әкесімен қалады, жақындары бірінші әйеліне бермей қояды. Ағамыз жосақты еді, біртоға, ешқашан біреуді жамандап, қатты сөз айтқанын көрген емеспін. Әдемі жеңгемізбен өмірге сегіз бала әкелді. Бір баласы жайнап тұрған 18 жасында авариядан қайтыс болды. Қалғандары қазір үйлі-баранды, ұйымшыл, бір-біріне көмегін аямайтын тамаша жанұялы жандар. Қалғандарымыз үлкен Ағамызды қатты жақсы көретінбіз, ол кісі

мен жеңгеміздің орны біз үшін бөлек еді ғой!  
Қайран сол кездер-ай!

Әкеміз әңгімешіл деп айтатын. Біз қыз бала, ол кісімен бірге отырып әңгіме-дүкен құрған емеспіз, сондықтан мәлімет өте аз. Дегенмен де естіген кейбір жағдайларды баяндайын.

Әкеміз жас кезінде арабша оқыған. Ол кезде дәрісті молдадан алған, төте жазумен жақсы жазатын. Соғыста іштей Құран оқи береді екен, мейлі, күзетте тұрса да, болмаса бір дем алған кезде де, аузынан Құран сөзі кетпейді екен, аман келгені де содан болар деп ойлаймын. Соғысқа аттанғанда жазған өлеңінен үзінді келтірейін:

*Қолыма «бәсміллә» деп қалам алдым,  
Ойланып мен елімді, жаман аздым,  
Жүретін ойнап-күліп замандастар,  
Көруге аман-есен ынтызармын.  
...«Мина» деген болады*

*екен оқтан жаман,  
Тисе егер, тірі қалмас  
одан адам,  
Аспаннан самолет кеп оқ  
боратты  
Қойдай боп, өліп жатыр  
талай адам.  
40 танкі жіберді неміс  
тағы,  
Одан арман атыстық  
тағы-дағы.  
Екі «сөтке» атысып сол  
арада,  
Қуып шықтық орыннан  
арман-ары.*

Әкемнің сол қолында үлкен тыртық бар еді, майданда қолынан жаралы болып санбатқа апарады. Сол кезде өз қолын өзі атып, соғыспаудың

амалын жасайтындар көп екен. Әкемізді соның біреуі екен деп зар қақсатқан қолына қарамай бір сөтке жауап алған көрінеді. Орыс тіліне шорқақ Әкеміздің бағына бір кезде татар жігіт келіп жауап алыпты. Сол заматта есіне старшинасы оқ тигенін көргенін, және мылтығын сол старшинаға өткізіп кеткені есіне түсіп қазақша түсіндіріпті. Содан ана татар жігіт майданмен хабарласып, рас екеніне көзі жетіпті, бірден қолына ем жасауға госпитальға жібереді. Мынау Әкемнің сол туралы өлеңі:

*Ертеңінде майданға және кірдік.  
Қан төгіп, кәпірменен ұрыс құрдық.  
Сол уақытта бір оқ кеп қолға тиді,  
Ей, Алла, бергеніне мың шүкірлік.*

*Жаралы болғаннан соң кейін кеттім  
«Пунктке перевязочный келіп жеттім,*



Қолымның қанын жуып байлады да,  
«Поезбен жүресің» деп әмір етті.

Көп адамдар поезға келіп түсті.  
Ол поезд алға қарай алып ұшты.  
Сексен, вагон тіркеген бір өзіне,  
Ол «мәшін» бағасы жоқ, сондай күшті.

Ағызып бір шаһарға келіп тұрды,  
Бір қыз кеп «түсіңдер» деп есікті ұрды.  
Түсіріп, стройға санап алып,  
Емдейтұғын госпитальға алып кірді.

Емдеді жарамызға дәрі жағып,  
Тұрады әйелдері бағып-қағып,  
Кино-концерт күнде көрсетеді,  
Домбыра-гармон ойнатар тағы-дағы.

Үш ай жатып майданға тағы кірдім,  
«Артель» дейтін орынға мен де келдім.  
Сол орында жиырма ай тағы болып,  
Жаралы екінші «рет» тағы болдым.

Аяғым ауырады-ау жаман қатты.  
Ауырғаны жаныма қатты батты.  
Қайсыбірін айтып тауысайын,  
Жараланған сарбаздар келіп жатты.

Жинап алып түсірді от арбаға.  
Жүріп келіп тоқтадық бір шаһарға,  
Елді көрмей шіркін-ай, қалам ба деп.  
Мінажат қып жылаймын бір Аллаға.

Бұл шаһар аталады екен Ленинград,  
Көшесіне қарасаң, мейірің қанад.  
Үйлерінің ең азы бес қабатты,  
Трамвай, түрлі «мәшін» сонда болад.

Трамваймен жүреміз көше аралап,  
Шетіне көз жетпейді сондай ғажап.  
Көшесінің арасы цемент құйған.  
Неше түрлі зауыттар сонда болад.

Әйелдері киеді екен біз өкшені,  
Тырсиып тұрады екен емшектері.  
Жұмыс боп конторына кіріп келсең,  
Қабағат құрметтейді қызметкері.

Майданға төрт ай жатып тағы келдім,  
«Пехота» дейтін әуреге келіп ендім.  
Ол орында он екі ай тағы болып,  
Жарадар үшінші «рет» тағы болдым.

Келісімен майданға және кірдік.  
Қабағат сол арада ұрыс құрдық.  
Қарағайды паналап жатқанымда,  
Бір оқ кеп оң аяқтан қалды-ау ұрып.

Көп адам тағы келдік стансаға,  
Тұр екен дайын жалған тағы от арба,  
Түстік те от арбаға жүріп бердік.  
Сақтады бір Құдайым үш мәртебе.

Келіп жеттік Польшаның қаласына,  
Екінті мен ақшамның арасында.  
Келіп кірдік бір үлкен казармаға,  
«Емделуге осы жерде қаласың ба?».

Емделіп мен жатырмын осы жерде,  
Көретін күн бол ма қайран елді.  
Аз ғана өлең қылып мен отырмы,  
Оқиға, бастан кешкен, көргенімді.

Менің қолымда Әкемнің әскери кітапшасы.  
1942 жылы соғысқа шақырылыпты. 941 атқыштар  
полкында соғысқан, жаралары деген жерде, 1942  
жылы қазан айында сол қолынан, 1944 жылы оң  
табанынан, ал 1945 жылы оң аяғынан жараланған  
деп тұр. Көптеген медальдар, ал соғыс кезінде  
«За боевые заслуги» медалі, ал әрбір Ұлы Отан  
соғысының мерейтойларындағы медальдары және  
1985 жылы алған Ұлы Отан соғысының 2-дәрежелі  
ордені бар.

Ол кезде хатты өлеңмен жазады, «әу» демейтін  
қазақ жоқ дегендей, хаттар өлеңмен келеді дейтін.

Әкеміздің хаты сақталмаса да, 1985 жылы Ұлы Отан соғысының 40 жылдық тойында біз болмай қолқа салған соң 75 жасқа келген Әкеміз есімде қалғаны осы деп, немересі Мадинаға айтып отырды, ауыл-аймаққа арналған өлеңінен мына жерлері есінде екен:

*«Үңгірді», сағындым ғой,  
қайран жерім,  
Жайлаушы еді қыстыгүні  
оны елім.*

*Үстіне «Тазтөбенің» шыға  
келсем,*

*Көрінер сонай жерден  
Өскеменің.*

*«Ақбел» мен «Ұзынсала»,  
«Аманжота»,  
«Сарытомпақ» тастағаным  
болар қате.*

*«Екі жүрек», «Ақтасты»  
ол болады.*

*Атамның «пайогі» еді-ау  
Шұбарбұта.*

*Жол, жота қалып барад,  
«Екі тасым»,*

*Келеді-ау елді ойласам  
көзден жасым.*

*Сірә, да арман менде болмас еді-ау,  
Аман-сау елді көрсем ғазиз басым.*

*«Ақшоқы» неге калад «Тайқойғанымен»,  
Өкпелер бұл екеуін жай қойғанмен,  
Келемін шатты құлдап, ойға түсіп,  
Осы жерді шіркін-ай, ойлағанда,  
Көзден жасым кетеді-ау ыршып-ыршып,  
Тайынты Тарғынменен туған жерім,  
Жайлаушы еді мұны қайран елім.*

*Еске алып осы жерді ойлағанда,  
Көзден жас көп, босайды-ау менің белім.*



*Тайынты Тарғын бойын елім жайлар,  
Көк шығып, ағаш бүрлеп, құсы сайрар.  
Аз ғана сағынған, соң өлең қылдым,  
Мұнымды сөге көрме ағатайлар.*

Осы хатта аталған ауылдастары мен туыстарының қазіргі кезде үшінші-төртінші ұрпақтары бар. Біздің Әкеміз қазіргі ұрпақтың бақыты үшін осылай соғысқа барып, аман-есен келген. Жатқан жерің жәйлі, топырағың торқа болсын жан Әке!!!

**Рәсима ЕСЕНХАНҚЫЗЫ**

21.04.2025

## ҰЛЫ ЖЕҢІСТІҢ 80 ЖЫЛДЫҒЫН АТАП ӨТУ ҚАРСАҢЫНДА АЛМАТЫДА ЖАУЫНГЕРЛІК ДАҢҚ МУЗЕЙІНІҢ ЖАҢАРТЫЛҒАН ЭКСПОЗИЦИЯСЫ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ.



Армия үйінің аумағында өткен салтанатты шараның ашылу рәсіміне қорғаныс министрінің орынбасары, генерал-майор Шайх-Хасан Жазықбаев, қала әкімдігі өкілдері, әскери қызметшілер мен құрметті қонақтар қатысты.

Ашық аспан астында Т-34 танкі мен БМ-13 «Катюша» қондырғысын қоса алғанда, 28 әскери техника үлгісі қойылған.

Музейдің ашылуында сөз сөйлеген қорғаныс министрінің орынбасары, генерал-майор Шайх-Хасан Жазықбаев: «Біздің ата-бабаларымыз осы қару-жарақ және техникамен Мәскеу мен Ленинградты қорғады. Сталинград пен Ржев түбінде соғысты. Украина мен



## АЛМАТЫ: АШЫҚ АСПАН АСТЫНДАҒЫ ДАҢҚ МУЗЕЙІ



Беларусьті, Прибалтика мен Польшаны азат етті. Жауға қарсы шайқасып, жарты Еуропаны жүріп өтті», - деді.

1965 жылы негізі қаланған бұл музей ер есімін сақтауға және патриоттық тәрбиені насихаттауға бағытталған миссиясын жалғастыруда.

Суреттер: Алматы әкімінің баспасөз қызметі

Бас редактор

Срайыл СМАЙЫЛ

Гүлнар АХМЕТОВА  
Директор

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ  
продюсер-менеджер

Ғалия ҚАЛИЕВА  
дизайнер/фотосуретші

Әбубәкір СМАЙЫЛОВ  
Астанадағы меншікті тілші

Олжас ӘБДІХАЛЫҚ  
редактор

МЕНШІК ИЕСІ: «Аманат Медиа» ЖШС

Бас есепші Расима ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

Алматы қаласы, Жамбыл көшесі, 114/85,  
№214 кеңсе

Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25  
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)